



MEDIA ' DAMYTY QORY



 8 (7172) 646-666
 info@mdq.kz



КОРОНАВИРУС ПАНДЕМИЯСЫ КЕЗІНДЕ ӘЛЕМДІК БАҚ КОНТЕНТІНІҢ ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАУЫ ТУРАЛЫ

Коронавирустың таралуына байланысты әлемдік дағдарыс белең алған сайын көптеген әлемдік БАҚ жаңа өзгерістерге бейімделіп, ақпараттық контентті құруда өзгерістер енгізуде. Контентті пайдаланудың бірнеше тенденциясын және олардың медиа салаға ықпалын атап өтуге де болады.

1 Біріншіден, жаңалықтар сайттарының контентін пайдаланушылар саны артты. Мысалы, 9 мен 15 наурыз аралығында АҚШ 40 жаңалықтар сайтының жалпы цифрлық оқылымы (**mobile** және **desktop**) ағымдағы жылы ең жоғары көрсеткіштердің қатарынан табылды (523 млн қаралым). Бұл дегеніміз, 2 мен 8 наурыз аралығындағы көрсеткіштен және 6-12 қаңтар көрсеткіштерімен салыстырғанда 23,4% көп.

2 Екіншіден, интерактивті визуалды мәліметтерге сұраныс жоғарлады. Мысалы, Джонс Хопкинс² университеті Ресурстық орталығының коронавирустың таралуы туралы интерактивті картасын қарау үшін бірегей оқырмандардың көрсеткіші, 6-12 қаңтардағы көрсеткіштермен салыстырғанда, 2-8 наурыз аралығында 200%-ға өсті (5 млн бірегей оқырман).

3 Үшіншіден, телевизия қаралымдары өсті. Наурыз айында коронавирус туралы арнайы 170 бағдарламаның 18 миллион сағаты америкалық үй шаруасындағы адамдармен қаралды. 12 наурыз күні эфирге шыққан «CNN Global Town Hall - Коронавирус: Facebook пен Instagram-ғы фактілер және үрей» телебағдарламасы рекордтық таралым жасады. Бағдарламаны 5 миллионнан астам отбасы қарады.




КВИ кең етек жаюына байланысты көптеген әлемдік БАҚ өз қызметін реттеу үшін келесі іс-шараларды қолға алуда:

- **Ақпаратты таратуда жаңа форматтарды пайдалану**
- **Бағдарламалардың түсірілім алаңын өзгерту**
- **Жекелеген аудиторияларға ақпараттық өнімдерді дайындау**

АҚПАРАТТЫ ТАРАТУДА ЖАҢА ФОРМАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Коронавирустың таралуы немесе онымен күрес кезінде тиімді шараларды пайдалану туралы ақпаратты тарату үшін басылымдық БАҚ басылымдардың жаңа форматтарын аудиторияның назарын өзіне тарту үшін пайдалануда. Мысалы, NYTimes әлеуметтік қашықтық туралы мақаласын келесі форматта жарыққа шығарды:



1 - <https://www.comscore.com/Insights/Blog/Media-Consumption-during-the-Coronavirus-Pandemic>

2 - <https://coronavirus.jhu.edu/map.html>





БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ТҮСІРІЛІМ АЛАҒЫН ӨЗГЕРТУ

Коронавируспен күресу бойынша шараларды жүзеге асыру барысында көптеген әлемдік БАҚ өз бағдарламаларының түсірілім алаңдарын өзгертуге тура келді.

Мысалы, Comedy Central телеарнасы өзінің комедиялық жаңалықтар шоуының (The Daily Show) форматын үйлерінде отырған тележүргізушілер арасындағы видеобайланыс форматына (The Daily Social Distancing Show) ауыстырған болатын.


Атап кететін жайт, аталмыш бағдарламалар форматы шегінде сөйлесу стиліне баса назар аударылған, сондай-ақ, тележүргізуші мен шақырылған сарапшылардың тұлғалық көзқарастары көп жағдайда басым. Мұндай бағдарламалар форматы телеарналарда таралуға арналғанымен, сайтқа және әлеуметтік желілерге орналаструға бейімделген.



ЖЕКЕЛЕГЕН АУДИТОРИЯЛАРҒА АҚПАРАТТЫҚ ӨНІМДЕРДІ ДАЙЫНДАУ


Белгілі бір мамандандырылған тақырыптарға арналған БАҚ өзінің жекелеген аудиториясына контент құруда. Мысалы, саяси және іскерлік БАҚ кеңсе қызметкерлері үшін жұмыс орындарда әлеуметтік қашықтық туралы танымдық контент шығара бастады.

Мысалы, саяси журналистика бағытында қызмет жасайтын Politico америкалық медиа ұйымы көптеген саясаткерлердің коронавирус туралы айтқан сөздеріне назар аударса, Foreign Policy журналы саясаткерлер арасында аталмыш вирустың таралуы туралы материалдарды әзірлеуді бастады. Ал, Financial Times и Economist өз ресми зерттеулер мәліметтері мен сауалнамалардың негізінде танымдық контентті оқырмандарына ұсынып келеді.




The search for meaning

Frequency of search terms on Merriam-Webster
Increase from a year earlier, 2020, '000 %



Increase from a year earlier, '000 %



Source: Merriam-Webster

The Economist

Жалпы алғанда, контентті визуализациялауға, ақпаратты таратқанда қарапайымдылыққа және ресми көздерді көрсету арқылы статистикалық мәліметтерді беруге деген ұмтылыс белең алып келеді.

БАҚ ақпаратты таратуда тиімді жолдарды қаншалықты көп пайдаланса, азаматтардың әлемде болып жатқан жағдай және оның алдын алуы туралы ақпаратты соншалықты жоғары, әрі жылдам алу көрсеткіштері де өседі.

